

## Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 18 сәуірдегі № 61 Жарлығы

Қазақстан Республикасы Президенті  
мен Үкіметі актілерінің жинағында  
жариялануға тиіс

«Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-1-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ Е Т Е М І Н :**

1 . М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы өңірлік қаржы орталығын дамыту комитеті құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі:

1) осы Жарлықтың 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар туралы е р е ж е л е р д і б е к і т с і н ;

2) осы Жарлықты іске асыру бойынша өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің мына жарлықтарына өзгерістер енгізілсін :

1) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 29 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 1, 2-құжат; 2000 ж., № 54, 593-құжат; 2001 ж., № 1-2, 2-құжат; № 4-5, 43-құжат; 2002 ж., № 26, 272-құжат; № 45, 445-құжат; 2003 ж., № 12, 130-құжат; № 16, 160-құжат; 2004 ж., № 13, 166-құжат; № 21, 267-құжат; № 27, 344-құжат; № 48, 590-құжат; 2005 ж., № 16, 189-құжат; № 27, 329-құжат; № 30, 380-құжат; № 49, 623-құжат; 2006 ж., № 7, 50-құжат; № 26, 264-құжат; № 28, 299-құжат; № 30, 320-құжат; 2007 ж., № 30, 330-құжат; № 33, 361-құжат; 2008 ж., № 10, 105-құжат; 2009 ж., № 5, 13-құжат; 2010 ж., № 27, 205-құжат; № 51, 466-құжат; 2011 ж., № 2, 12-құжат): жоғарыда аталған Жарлықтың қосымшасында: «Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі 85» деген жол алып тасталсын;

2) күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.08.12 N 139 Жарлығымен;

